

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және
2020 жылғы республикалық бюджетті
орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 12 қаңтар, 2021 жыл

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

COVID-19-бен сырқаттанушылардың рекордтық санына қарамастан, 2020 жылы желтоқсанда әлемдік нарықтарда жағымды жаңалықтар басым болды.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Дамыған және ірі елдерде жаппай вакцинацияның басталуы экономикалық белсенділіктің қалпына келу болжамын жақсартып, нарықтар үшін оң белгі болды. **900 миллиард** АҚШ доллары сомасына Америка экономикасын ынталандырудың қосымша топтамасын қабылдау **қор және тауар нарықтарына** айтарлықтай қолдау көрсетті.

Негізгі қор индекстері жылды айтарлықтай өсумен аяқтады. **S&P 500** кең индексі 2020 жылы желтоқсанда **3,7%**, **Dow Jones** индустриялық индексі – **3,3%**, **NASDAQ** жоғары технологиялық индексі – **5,1%** қосты.

Осының аясында **АҚШ долларының индексі** төмендеу үрдісін көрсетті, **алтынның құны** бір айда бір унция үшін **6,6%-ке 1893,1** АҚШ долларына дейін өсті.

2021 жылы қалпына келу қарқынына қатысты белгісіздік Еуропаның ең ірі экономикасы – Германияда тіркелген науқастар мен өлім-жітімнің рекордтық саны, сондай-ақ осы

жылғы қаңтарда басқа континенттерге таралған Ұлыбританиядағы вирустың жаңа штаммы аясында сақталуда. Бұл шектеу шараларын күшейтуге алып келді, бұл әлемдік экономиканың қалпына келуіне қауіп төндіреді.

Global Composite PMI индексі 2020 жылы желтоқсанда қарашадағы **53,1** тармақтан **52,7** тармаққа дейін төмендеді. Шектеу шараларына қарамастан, **Еуроодақтағы** іскерлік белсенділік индексі желтоқсанда **45,3**-тен **49,1**-ке дейін өсті. Сонымен қатар, **Қытай** өнеркәсібіндегі іскерлік белсенділік индексі өндіріс өсуінің баяулауына байланысты бір айда **54,9**-дан **53,0**-ге дейін төмендеді.

Қазақстандағы **іскерлік белсенділіктің** шоғырландырылған **индексі** 2020 жылғы желтоқсанда көбінесе **құрылыстағы** іскерлік белсенділіктің төмендеуі есебінен **49,4**-тен **49,0**-ге дейін төмендеді, онда көрсеткіш **52,5**-тен **49,5**-ке дейін қысқарды. **Қызмет көрсету** саласында **0,7** тармаққа **48,0**-ге дейін төмендегені байқалады. Сонымен қатар, **өнеркәсіп** 2020 жылғы қаңтардан бастап алғаш рет оң көрсеткішке жетті, индекс **49,6**-дан **50,3**-ке дейін көтерілді.

2020 жылы Қазақстан экономикасының **2,6%-ке** жалпы төмендеуі Ұлттық Банктің **2,5-2,7%** деңгейіндегі болжамдарына сәйкес келеді.

ИНФЛЯЦИЯ

Жылдық инфляция да бір ай бұрынғы **7,3%**-пен салыстырғанда 2020 жылдың соңында **7,5%**-ке дейін жылдамдап, Ұлттық Банктің **7,0-7,5%** деңгейінде күтулеріне

сәйкес қалыптасты.

Бағаның жалпы өсуіне ең көп үлес **азық-түлік инфляциясы** қосып отыр. **Азық-түлік тауарлары** бағасының жылдық өсуі нарықтарда жекелеген тамақ өнімдерінің (өсімдік майы, қант, жұмыртқа) теңгерімсіздігі күшейгеннен **10,8%-тен 11,3%-ке** дейін ұлғайды.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция киім мен аяқ киім бағасының 4,8%-ке (қарашада - 5,2%) дейін өсуінің баяулауы аясында **5,7%-тен 5,5%-ке** дейін баяулады.

Ақылы қызмет инфляциясы қоғамдық тамақтану қызметі мен қонақ үйде қызмет көрсету бағасының өсуіне байланысты **4,1%-тен 4,2%-ке** дейін жеделдеді.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

2020 жылғы желтоқсанда мұнай бағасының өсуі және экспорттаушылардың салық төлемдерін жүзеге асыру үшін шетел валютасын сатуы есебінен өскен ішкі ұсыныспен қатар тәуекелді активтерге сұраныстың артуы теңгенің айырбастау бағамының бір АҚШ доллары үшін **425,07** теңгеден **420,91** теңгеге дейін **1,0%-ке** нығаяуына мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, 2020 жылы ұлттық валюта дамушы елдердің басқа валюталарымен қатар инвесторлардың тәуекел активтерінен шығуына әкелген коронавирустан туындаған дағдарыс аясында әлсіреді. Мәселен, Бразилия реалы **29,0%-ке**, түрік лирасы **25,0%-ке**, ал Ресей рублі **19,3%-ке** әлсіреді. 2020 жылы теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін **382,60** теңгеден **420,91** теңгеге дейін **10,0%-ке** әлсіреді.

Сыртқы жағдайлардың жақсаруына байланысты және Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып қабылдаған шаралар кешенінің арқасында теңгенің айырбастау бағамы наурыздағы **448,5 теңгеге** дейінгі құлдырауын біршама артқа қалдырып жылды жапқанын атап өту маңызды.

Биылғы 11 қаңтарда биржадағы сауда-саттық қорытындысы бойынша айырбастау бағамы айдың басынан бері тағы да **0,4%-ке** нығайып, бір АҚШ доллары үшін **419,18** теңге болды.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансының **ағымдағы шоты** 2020 жылғы 9 айда дефицитпен қалыптасып, **(-)4,1 млрд АҚШ долларын** құрады.

Тауар **экспорты** мұнай мен газ конденсаты экспортының төмендеуіне байланысты **18,2%-ке** немесе **35,3 млрд АҚШ долларына** дейін **7,9 млрд АҚШ долларына** қысқарды. Тауар **импорты** инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің қысқаруы нәтижесінде **9,6%-ке** немесе **26,4 млрд АҚШ долларына** дейін **2,8 млрд АҚШ долларына** қысқарды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша төлем балансының ағымдағы шотының дефициті **(-)5,7 млрд АҚШ доллары** деңгейінде күтіледі.

АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОР

Алтын бағасының өсуі нәтижесінде **алтын портфелінің** бір жылда **4,7 млрд АҚШ долларына** **23,6 млрд АҚШ долларына** дейін өсуі есебінен **алтынвалюта резервтері** 2020 жылғы 31 желтоқсанда алдын ала деректер бойынша **6,7 млрд АҚШ долларына** ұлғайып, **35,7 млрд АҚШ доллары** болды.

Алтынвалюта резервтері құрамындағы **еркін конвертацияланатын валютадағы активтер Қарашығанақ Консорциумынан** өтемақы шеңберінде қаражат әкелінуі, **Азия Даму Банкінің қарызы**, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер қаражатының Ұлттық Банктегі валюталық шоттарға әкелінуі есебінен **2 млрд АҚШ долларына** өсті.

Ұлттық қордың активтері дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру аясында шығыстардың түсімдерден асып кетуіне және мұнай бағасының құлдырауына байланысты бір жыл ішінде **3,1 млрд АҚШ долларына** төмендеп, **58,7 млрд АҚШ долларын** құрады.

Нарықтың құбылмалылығына қарамастан, **Ұлттық қордың инвестициялық кірісі** 2020 жылдың қорытындысы бойынша оң болып қалды және **4,1 млрд АҚШ долларын** немесе **7,5%-ті** құрады.

ДЕПОЗИТТЕР

Банк жүйесіндегі депозиттер 2020 жылғы қарашаның соңында негізінен теңгемен салымдардың өсуі есебінен жыл басынан бері **15,3%-ке** ұлғайып, **21,9 трлн** теңге болды.

Ұлттық валютамен салымдар **13,3 трлн** теңгеге дейін **23,1%-ке**, **валютамен салымдар** 2020 жылғы қарашаның соңында **8,6 трлн** теңгені құрап, **5,1%-ке** өсті.

Нәтижесінде депозиттерді **долларландыру деңгейі** 2020 жылғы қарашада **39,3%-ке** дейін төмендеді.

КРЕДИТТЕР

Экономикаға кредиттер 2020 жылдың басынан бері **ұзақ мерзімді кредиттердің** өсуі нәтижесінде 2020 жылғы

қарашаның соңында **14,65 трлн теңгеге** дейін **5,6%-ке** ұлғайды. Қысқа мерзімді кредиттер **2,1 трлн** теңгеге дейін **3,0%-ке** немесе **60,5 млрд** теңгеге ұлғайды.

Бизнестің кредиттік портфелі 2020 жылдың басынан бері **7,29 трлн** теңгеге дейін **1,2%-ке** ұлғайды. Бизнестің теңгемен кредиттері бойынша мөлшерлемесі 2020 жылғы қарашада **11,9%**, оның ішінде қысқа мерзімді кредиттер бойынша – **11,6%**, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша – **13,1%** болды.

2020 жылдың басынан бастап **халықтың кредиттері** **7,36 трлн** теңгеге дейін **10,5%-ке** ұлғайды. Олардың құрылымында **тұтынушылық қарыздар** **4,3 трлн** теңгеге дейін **3,2%-ке**, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ипотекалық қарыздар – **2,3 трлн** теңгеге дейін **27,8%-ке** өсті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпкерлерден **1 трлн** теңгеге **1 373** өтінім келіп түсті, оның ішінде банктер жалпы сомасы **658,9 млрд** теңгеге **854 өтінімді** мақұлдады, **516,2 млрд** теңгеге **778 қарыз** берілді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша 2020 жылы 31 желтоқсанда

кәсіпкерлер **612,5 млрд** теңгеге **2 493** өтінім берді, оның ішінде **474,6 млрд** теңгеге **1 733** өтінім мақұлданды, **528 млрд** теңгеге **5 158** қарыз берілді, оның ішінде **136 млрд** теңгеге **2 454** қарыз бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен берілді.

«7-20-25» және «Баспана Хит» БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ұлттық Банктің қаржыландыруы есебінен тұрғын үй құрылысын қолдау жалғасуда.

1. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 2020 жылғы 30 желтоқсанда **567,3 млрд теңгеге 48 355 өтінім** қабылданды, **326,2 млрд теңгеге 27 700 өтінім** мақұлданды, оның ішінде **258,7 млрд теңгеге 22 169** қарыз берілді.

2. «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық бағдарламасы бойынша 2020 жылғы 30 желтоқсанда **868,6 млрд теңгеге 95 719 өтінім** қабылданды, **457,4 млрд теңгеге 50 939 өтінім** мақұлданды, **370,1 млрд теңгеге 42 166** қарыз берілді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Сіздердің назарларыңызға 2020 жылы ақша-кредит саясатын іске асырудың алдын ала қорытындылары ұсынылды.

Осы жылы Ұлттық Банк баға мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканы қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін қажетті шараларды қабылдауды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!